

## **№ 1 дәріс**

**Тақырып:** Биология оқыту әдістемесі ғылым ретінде. Биология оқыту әдістемесінің пәні.

# Жоспар:

---

- Биологияны оқыту әдістемесі - педагогикалық ғылым.
- Биологиялық білімнің рөлі.
- БОӘ-нің өзге ғылымдармен байланысы.
- Биологиялық ұғымдардың дамуы. Ұғымдардың даму теориясы.
- Ұғымдарды дамыту әдістемесі.
- Биологиялық ұғымдардың топтары.
- Арнайы ұғымдардың дәрежелері.

---

Әрбір ғылымның пайда болуы мен дамуы адамның тіршілік тілегін қанағаттандыруға бағытталған практикалық қызметіне байланысты.

Сондықтан БОӘ биологияны не үшін оқыту қажет, қалай оқыту керек, нелерге оқыту керек және биологияны оқыту процесінде балаларды қалай тәрбиелеуге болады деген сұрақтарға жауап беретін ғылым ретінде пайда болған.

*Биологияны оқыту әдістемесі* – мектеп пәнінің ерекшелігіне байланысты оқыту және тәрбиелеу процесінің жүйесі туралы ғылым.

---

БОӘ- рационалды әдістер мен тәсілдерді орнатады, және биология пәнінен мұғалім оқушыға оқу материалын сапалы түрде меңгертіп, тиянақты білім беріп, оны өмірде қолдана білуге үйретеді.

БОӘ- оқу пәнінің мазмұнын, оқыту және тәрбиелеу әдістері мен үлгілерін қарастырады. Бұл тараулар бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтырады.

---

БОӘ- мен оқу жұмысының жабдықтары мен тәсілдері белгіленеді.

Биология оқу пәні ретінде оқыту әдістері мен формаларының ерекшелігімен өзге пәндерден айырмашылығы бар. Бұнда нақтылы объектілер мен күрделі табиғат құбылыстары, және табиғаттың дамуы зерттеледі.

---

Материалдық ерекшелігі оның тәрбие мүмкіндіктерін де белгілейді (анықтайды).

Оқушылар ойын дамытуда биологиядан жүргізілетін мектептік курстың маңызы зор. Биологияның басқа оқу пәндерінен ерекшелігі, ол қарапайымнан күрделіге өту жолын байқап отыруға, бөлік пен бүтіннің құрылысы мен қызметінің өзара байланыстылығы және өзара тәуелділігін айқындауға, табиғаттағы құбылыстардың аса күрделі байланыстылық себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

---

Кез келген басқа оқу пәндері тәрізді биология курсы мен меңгерген кезде оқушы әртүрлі ойлау процестерін атқарады: бақылап салыстырады, анализ жасайды, қорытындылайды, өздері бақылаған құбылыстардың себебі мен салдарын белгілейді.

БОӘ-сі жалпы БОӘ мен жеке (арнаулы) әдістемелерге бөлінеді. (табиғаттану, ботаника, зоология, тәнтану, физиология, адам гигиенасы және биология).

# БОӘ-нің өзге ғылымдармен байланысы.

---

*1. БОӘ биологиялық ғылыммен тікелей байланысты.*

Мектептегі биология пәнімен биология ғылымының арасында үлкен айырмашылық бар. Бұлардың мақсаттарымен көлемі, құрылымы және баяндау әдістерімен формалары өзгеше.



- 
- Биология ғылымының мақсаты- зерттеу арқылы табиғат туралы жаңалықтар, жаңа білім алу.
  - Мектеп биологиясының мақсаты- оқушыларды даяр ғылыми фактілермен заңдылықтармен таныстыру.

---

Мектепте биологияны оқытуға белгілі ғана уақыт бөлінген, сондықтан оқушыларды нақты ғылыми негіздермен таныстырады және ғылыми проблемаларды артық информациясыз түсіндіреді.

Биология ғылымы өзінің даму кезеңінде жеке ғылымдарға бөлінсе (анатомия, систематика, т.б.) дифференциалданса, мектеп биологиясында жеке ғылымдардың элементтері біріктірілген, интеграцияланған.

*“Ғылымды ғылыми және педагогикалық баяндау- екі түрлі заттар”, - К.Д. Ушинский.*

---

Биология агрономия мен медицинаның негізі болып саналады:

1. БОӘ балалар психологиясымен байланысты.
2. БОӘ педагогикамен байланысты.

Өз пәніне қызығушылығы болмай, оқытушы биологияны оқыту процесінде, әсіресе биология материалында, тәрбиелеу процесінде мақсатына жете алмайды.

---

*“Ғылыммен оқушыны тәрбиелегін келсе, өз ғылымыңды сүй және біл, сонда оқушылар өзіңді де ғылымды да ұнатады және сен оларды тәрбиелей аласың, егер өзің ғылымды сүймесең, қанша оқуға мәжбүр етсеңде, ғылымның тәрбиелік әсері болмайды ”- Л.Н. Толстой.*

# Пайдаланылған әдебиеттер:

---

1. Н.М.Верзилин «Общая методика преподавания биологии» М,1972ж.
2. В.М.Корсунская «Уроки общей биологии» М,1970г
3. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. «Общая методика преподавания биологии»

---

Назарларыңызға  
рахмет!!!